Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚР НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК

КҮШТЕРДІ ҚАЙТА ТАРАТУ ЕСЕБІМЕН СТАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАЛМАҒАН ТЕМІРБЕТОНДЫ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ СТАТИЧЕСКИ НЕОПРЕДЕЛИМЫХ ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫХ КОНСТРУКЦИЙ С УЧЕТОМ ПЕРЕРАСПРЕДЕЛЕНИЯ УСИЛИЙ

ҚР НТҚ 02–01-1.5–2012
НТП РК 02–01-1.5–2012

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

ҚР НТҚ 02–01-1.5–2012
НТП РК 02–01-1.5–2012

АЛҒЫ СӨЗ

1	**ӘЗІРЛЕГЕН:**	«ҚазҒЗСТҚСИ» РМК
2	**ҰСЫНҒАН:**	Қазақстан Республикасы құрылыс және тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің ғылым–техникалық саясат және нормалау Департаменті.
3	**ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
4	**ОРНЫНА:**	

ПРЕДИСЛОВИЕ

1	**РАЗРАБОТАН:**	РГП «КазНИИССА»
2	**ПРЕДСТАВЛЕН:**	Департаментом научно–технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно–коммунального хозяйства.
3	**ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:**	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
4	**ВЗАМЕН:**	

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ IV
1. ҚОЛДАНУ САЛЫСЫ 1
2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР 1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 2
4 НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ 4
4.1. Белгілеулер 4
4.2 Өлшем бірліктері 8
5 БЕТОН ЖӘНЕ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЖОБАЛАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР 9
5.1 Бетон және темірбетон конструкцияларына қойылатын жалпы талаптар 9
5.2 Бетон және темірбетон конструкцияларын жобалауда қойылатын жалпы талаптар 10
5.3 Есептік ситуациялар 11
5.4 Жүктемелер мен әсер етулер 12
5.5 Бетон және темірбетон конструкцияларының шектік күйлері 12
6 СТАТИКАЛЫ ТҰРҒЫДА АНЫҚТАЛМАЙТЫН ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНДАҒЫ КҮШТЕРДІ ҚАЙТА БӨЛУДІ ЕСЕПКЕ АЛА ЕСЕПТЕУДЕГІ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР 14
7. СТАТИКАЛЫ ТҰРҒЫДА АНЫҚТАЛМАЙТЫН ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖУЫҚ ЕСЕПТІК ӘДІСТЕРІ 22
7.1 Жалпы ережелер 22
7.2 Жазық арқалық тақталар 23
7.3 Екі бағытта жұмыс істейтін тік бұрышты тақталар 25
7.4 Тұтасқұйма және арқалықсыз құрама аражабындар. 32
7.5 Тілінбеген жақтаулар мен арқалықтар 44
7.6 Іргетастар 49
8 СОҢҒЫ ЭЛЕМЕНТТЕР ӘДІСІМЕН СТАТИКАЛЫ ТҰРҒЫДА АНЫҚТАЛМАЙТЫН ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНДАҒЫ КҮШТЕРДІ ҚАЙТА БӨЛУДІ ЕСЕПКЕ АЛУДАҒЫ ЖАЛПЫ ӘДІСТЕМЕСІ 60
Әдебиеттер тізімі 72

КІРІСПЕ

Статикалы тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкцияларының қимасына жүктеменің түсуіне дейін температурадан, бетонның шөгуінен, тіректің ығысуынан, сондай–ақ алдын ала кернеулеуінен күштер пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда статикалы тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкцияларының деформацияланған күйі пайдаланудың әдеттегі шарттарында және ,әсіресе, шектік күйде анықталатын серпімді жүйесінің есебінен деформацияланған күйден маңызды айырмашылығы болуы мүмкін. Шартты түрде жұмыстың үш кезеңін айтуға болады (арқалық мысалында):

– біріншісі июші моменттердің аз мәндерінде қисықтықтың өсуінің баяулауымен сипатталады. Бұл моменттер, қалыпты пайдалануда болған моменттерден неғұрлым кіші болады;

– екінші кезең июші моменттердің артуында қисықтықтың өсуі үдеуімен сипатталады. Бұл кезеңде бетонның созылатын аймағында жарықтар пайда болады және дамиды. Арқалықтың қатаңдығы едәуір төмендейді, әсіресе әбден кернеуленген қималарда. Екінші кезеңнің аяғында қисықтық 6 есе өседі;

– үшінші кезеңі арматураның аққыштығының басталуынан басталады. Әдеттегі арматуралауда бетонның сығылатын аймағы арматураның аққанынан ерте бұзылмайды. Арматураның аққыштығы дамыған сайын жарықтың ашылуы өсе бастайды, бетонның сығылатын аймағы біртіндеп кемиді және соңында ол бұзылады. Арматураның аққыштығы тұрақты июші моменттерде деформацияның едәуір өсуімен ілеседі. Бұл момент статикалы тұрғыда анықталатын жүйелер үшін көтергіш қабілеттігінен айырылуы деп есептелінеді. Статикалы тұрғыда анықталмайтын жүйелер үшін, тұрақты июші моментте арматура ағатын қима, өзін пластикалық топса ретінде жүргізеді, пластикалық топсаның екі жағында жатқан арқалық бөліктерінде өзара бұрылу болады, алайда бұл көтергіш қабілетінің жоғалуына әкелмейді, бірақ ішкі күштерді қайта бөлуіне әкеледі.

Темірбетон конструкцияларында жүргізілген сынау нәтижесінде сыртқы жүктеме әсерінен олардың жеткілікті деформацияланған суретін көрсетеді және мынандай тұжырымға әкеледі:

а) статикалы тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкцияларында жүктеменің әсерінен серпімді емес деформациялар пайда болады, қалыпты пайдаланудағы жүктememен салыстырғанда жүктеменің едәуір аз шамасында болады;

ә) серпімді жұмыс ұсынылған статикалы тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкцияларын есептеу нәтижелерінде олардың жүктеме астындағы жұмыстары бағаланбайды.

Жоғарыдағы айтылғандарға байланысты, статикалы тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкцияларын есептеуде ішкі күштерді қайта бөлуді есепке алу, қазіргі таңда, актуалды және өте маңызды болып саналады.

Күштерді қайта бөлуге әкелетін ұлғайған деформацияларға статикалы тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкциялар қимасының есептік қабілеті арматураланған есептік аймақтардың беріктігі кемиді (олардың арматуралауы кемиді) қатерлі қималарды рационалды арматуралауға рұқсат етеді және аз арматураланған аймақтың беріктігі

артады (олардың арматуралауы ұлғаяды), яғни күштерді реттеу (қайта бөлу) жасанды түрде қамтамасыз етіледі.

Осы нормативті–техникалық Құрал Қазақстан Республикасындағы нормативті құжаттар ретінде ерікті негізінде қолдану үшін күшіне енеді.

ЕСТЕЛІК ҮШІН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ НОРМАТИВТІК–ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СТАТИКАЛЫ ТҰРҒЫДА АНЫҚТАЛМАЙТЫН ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН КҮШТІ ҚАЙТА БӨЛУДІ ЕСЕПКЕ АЛА ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ СТАТИЧЕСКИ НЕОПРЕДЕЛИМЫХ ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫХ КОНСТРУКЦИЙ С УЧЕТОМ ПЕРЕРАСПРЕДЕЛЕНИЯ УСИЛИЙ

Енгізу датасы 2015-07-01

1. ҚОЛДАНУ САЛЫСЫ

1.1 Осы нормативті–техникалық Құралы статикалы тұрғыда анықталмайтын темір бетон конструкцияларына, жабын мен аражабын тақталарына, арқалықсыз аражабындарға, тұрғын және өндіріс құрылыстарында қолданылатын тілінбеген арқалықтарға, жақтауларға және іргетастарға, гидротехникалық, көлік және басқа құрылыс облыстарында кең тарайды.

1.2 Құралда статикалы тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкцияларында күшті қайта бөлуді есепке ала бекітілген және жүйені есептеу серпімділігінің ішкі күштерді анықтауы бойынша нұсқаулар беріледі. Шыдамдылыққа есептеу, олардың қажет болған жағдайында, арнайы нұсқауларға сай орындауы қажет.

1.3 Көрсетілген статика тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкцияларын есептеу әдістері есептеу мысалдарымен бекітілген.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Құралды қолдануда келесі сілтемелі нормативті құжаттар қажет:

ҚР ҚН EN 1992–1–1:2004/2011 Темірбетон конструкцияларын жобалау. 1–1 бөлім. Жалпы ереже және ғимараттарға арналған ережелер.

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Құрылыс жобалардың негізі.

ИСО 3898:1997 Конструкцияларды жобалауда негізгі ережелері. Шартты белгілеулер. Негізгі символдар.

Ескертулер – Осы Құралды қолдануда нақты жылдың күйі бойынша жыл сайын құрастырылатын «Мемлекет арасындағы нормативті құжаттар көрсеткіші», «ҚР стандарты бойынша нормативті құжаттар көрсеткіші», «ҚР аумағында әсер ететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативті құқық және нормативті–техникалық актылар тізімі» ақпараттары бойынша сілтемелі құжаттарды тексеру мақсатқа лайықты. Егер сілтемелі құжат өзгертілген болса, онда осы Құралды қолдануда өзгертілген құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелі құжаттың өзгеруі ауыстырылмаса, онда сілтеме берілген қағида осы сілтемеге әсер етпейтін бөлімде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы нормативті–техникалық Құралда ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 құрылыс нормасындағы терминдер мен анықтамалар әрекет етеді:

3.1 **Арматура** (fittings; fixtures): Созылатын және сығылатын күштерді қабылдауға арналған темірбетон конструкцияларындағы ұзынбойлық сызықтық элемент. Құрылыстар мен ғимараттарда сымдар, өзектер және арқан орамдары тәрізді болат арматурасын қолданады.

3.2 **Конструктивті арматура** (structural reinforcement): Есептеусіз конструктивті пікір бойынша орналастырылатын арматура.

3.3 **Жұмыс арматурасы** (principal reinforcement): Есеппен тағайындалатын арматура.

3.4 **Арқалық–блокты аражабын**: Құрама қырлардан тұрады , олардың арасын блоктардан тұратын, керамикалы қуыс тастар және жоғарғы тұтасқұйма қабатпен немесе онсыз толтыратын, басқа қалыптардың алмалы–салмалы түрлері.

3.5 **Әсер етулер** (action (*F*)): «*Жүктеме*» немесе «*тура немесе тікелей әсер ету*» терминдермен анықталатын, элементтерде конструкция кернеулігін шақыратын, конструкцияларға тікелей басылатын күштер, не олардың жылжуы;

3.6 **Әсер етулер** (action (*F*)): Басқа элементтермен бірігу байланыстарының жылжуымен, табанының шөгуімен не «*тура немесе жанама әсер етуді*» анықтайтын реактивті күштерді шақыратын өзіндік деформациялармен шақырылған конструкция элементтерінің деформациялары.

3.7 **Диафрагма** (diaphragm): Жазық элемент, өз жазықтығында күштер әрекетіне тап болады; бірге қосылған, бірнеше құрама бұйымдардан тұрады.

3.8 **Арматуралы қаңқа** (reinforcement cage): Бөлек өзектер немесе арматура торларын біріктіру жолымен пайда болған Арматура торларын өз ара оналастыру және біріктіру әдісі жобалау құжаттар талабына сай келуі тиіс.

3.9 **Созылудағы беріктік бойынша арматура класы**: Стандарттарға сай талаптармен келісілген, оның механикалық қасиеттерін сипаттайтын көрсеткіш, S әріпімен және МПа (Н/мм^2) арматураның сипатты кедергісіне тиісті санымен белгіленеді (мысалы, St240).

3.10 **Беріктік бойынша бетон класы:** Осьтегі сығылудағы оның кепілдік беріктігіне тиісті бетон сапасын сипаттайтын сандық шамасы, С әріпімен және Н/мм^2 (МПа) кепілдік беріктік және сипатты кедергі мәнін көрсететін санымен белгіленеді, мысалы, $C^{12}/_{15}$ (сызық алдында – f_{ck}, Н/мм^2 кедергінің сипаттамалы мәні, сызықтан кейін – $f_{c,}{}^{G}{}_{cube}$, Н/мм^2 бетонның кепілденген беріктігі).

3.11 **Темірбетонды конструкциялар** (reinforced concrete structures): Жұмыс және конструктивті арматуралы бетоннан жасалған конструкция; арматураланған бетон конструкцияларында барлық әсер етуші есептеу күштер бетонмен және жұмыс арматурасымен қабылдануы тиіс.

3.12 γ_s **жеке арматураға арналған қауіпсіздік коэффициенті**: f_{yk}(f_{pk})–ға қарағанда төменгі арматуралы болаттың шартты немесе физикалық аққыштық шегін ауытқуын

ескеретін коэффициент.

3.13 γ_c **жеке арматураға арналған қауіпсіздік коэффициенті**: f_{ck}, f_{ctk} бетон беріктігінің ауытқуы мүмкіндігін есепке алатын коэффициент сипаттамалымәндерден төмен болады, қиманың геометриялық өлшемдерінің ауытқуы (рұқсат етілгеннен аспайтындай) және тәжірибе үлгілерімен анықталатын бетон беріктігі арасындағы айырмашылығы, және конструкциялардағы бетон беріктігі; арматураланбаған конструкциялар жағдайында γ_c мәні морт бұзылуының мүмкіндігін ескереді.

3.14 **Есептеу моделі**: Конструкцияны немесе оның элементтерін талдау мақсатымен қолданылатын конструктивті жүйенің мінсіздігі (идеализация).

3.15 **Ауыспалы есептеу жағдайы** : Конструкцияда құрама элементтеріне жатады:

- қалыпты шешу;
- сақтайтын жерге тасымалдау;
- сақтауға;
- құрылыс алаңына тасымалдау;
- орнатуға;
- монтажға.

3.16 f_c **осьтік сығылудағы бетонның беріктігі** – бір осьті кернеуленген күйдегі бетондағы максимал сығылатын кернеу, деформациялау диаграммасының шың нүктесіне сай.

3.17 $f_{c,}{}^{G}{}_{cube}$: **кепіл осьтік сығылудағы бетонның беріктігі** – 0,95 қамтамасыз етумен статикалық өзгерістерін есепке ала өлшемі 150+150+150мм кубтардың осьтік сығылуда анықталатын беріктігі, күші бар стандартқа сай өндірушінің кепілденуі.

3.18 **Конструктивті жүйе:** Құрылыс және ғимараттардың берілген пайдаланатын функциясымен қамтамасыз ететін, анықталған ережелер бойынша кеңістік жүйесінің пайда болуынан көтергіш элементтерінің жиынтығы.

3.19 **Есептеу жағдайы**: Конструкция шегінің күйі артпайтынын есеппен дәлелдеуге арналған нақты уақыт кезеңіне байланысты физикалық шарттардың жиынтығы.

3.20 f_{yk} **(**$f_{0,2k} = f_{pk}$**)**: **сипаттамалы арматура кедергісі:** 0,95 қамтамасыз етумен, арматура аққыштық шегінің шартты немесе физикалық мәні өндірушінің кепілденуі стандарттарға сай лайықты.

3.21 f_{yd} **есептік арматураның кедергісі:** арматураға арналған жеке қауіпсіздік коэффициентіне сипаттамалы кедергіні бөлумен алатын және конструкцияларды есептеуде қабылдайтын арматура беріктігі.

3.22 f_{ctk} **(**$f_{ctk,0,05}$**) сипаттамалы осьтік созылудағы бетон кедергісі:** осьтік созылудағы бетонның беріктігін 5 % квантиль статикалық үлестіру.

3.23 f_{ctm} **орта осьтік созылудағы бетон кедергісі:** конструкцияларды жобалауда тағайындаған осьтік созылудағы бетонның беріктігі.

3.24 f_{ck} **сипаттамалы осьтік сығылудағы бетон кедергісі:** 0,95 қамтамасыз етумен,статикалық өзгеруді есепке ала тағайындалған цилиндрлер немесе призмалардың осьтік сығылудағы кедергісі, оның кепіл беріктігі бойынша бетон кластарының параметрлік қатар мәнінен шығады.

3.25 f_{cm} **орта осьтік сығылудағы бетон кедергісі:** конструкцияларды жобалауда

тағайындаған осьтік сығылудағы бетонның беріктігі.

3.26 **Есептік бетонның кедергісі (сығылудағы сжатию – f_{cd}; созылудағы – f_{ctd}):** бетонға арналған жеке қауіпсіздік γ_c коэффициентіне сипаттамалы беріктік мәнін бөлу жолымен алатын және күйдің шегі конструкциялардың I және II топтар бойынша есептеуде қабылдайтын бетон кедергісі.

3.27 **Шекті күй** (limit state strength): бұл конструктивті элемент немесе оны құрастыратын элементтер оларға қойылған талаптарды қанағаттандыруды тоқтататын күй.

4 НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ

Нақты нормативті– техникалық Құралда ИСО 3898:1997 сай шартты белгілеулер мен бірыңғай символдар қолданылады.

4.1. Белгілеулер

Латын алфавитінің бас әріптері

Латын алфавитінің бас әріптері

A – қима ауданы;

A_c –бетон қимасының ауданы;

A_{cc} –сығылатын аймақтағы бетон қимасының ауданы;

$A_{c,eff}$ – қиманың созылатын аймақтағы тиімді ауданы;

A_{c0} – жаншылу ауданы;

A_{c0} – жаншылуды есептеуде үлестірілетін аудан;

A_{core} – жанама (сақиналы) арматуралау шектеріндегі қима ауданы;

A_{crit} – қатерлі қима ішінде орналқан қатерлі аудан;

A_{ct} – созылатын аймақтағы бетон қимасының ауданы;

A_d – ерекше әсер етудің есептік мәні;

A_{load} _ шоғырланған күштер түскен беттің ауданы;

A_s – кернеуленбеген арматураның қима ауданы;

A_{s1} – арматураның созылған немесе аз сығылған қимасының ауданы;

A_{s2} – арматураның сығылған немесе аз созылған қимасының ауданы;

A_{sf} – сөреде тавр қима элементіндегі арматураның қима ауданы;

$A_{s,tot}$ – қимадағы бойлық арматураның толық ауданы;

A_{sw} – көлденең арматурасының қима ауданы;

B – темірбетон элементтерінің иілетін қатаңдығы;

$E_{c,eff}$ – бетонның тиімді серпімділік модулі (жүктеменің ұзақ әсер етуін есепке ала);

E_{cm} – бетонның серпімділік модулі;

$E_{cm,n}$ – конструкцияларды сызықты емес есептеуге арналған бетонның серпімділік модулі;

E_s – арматураның серпімділік модулі;

F – әсер етуші күштер;

F_c – бетонның сығылған аймағындағы күшке тең әсерлігі;

F_s – арматурадағы күшке тең әсерлігі;

H – горизонталь күштер;

I – қиманың инерция моменті;

I_c – элемент қимасының ауырлық салмағына қатысты бетон қимасының инерция моменті;

I_s – элемент қимасының ауырлық салмағына қатысты арматура қима ауданының инерция моменті;

M – июші момент;

M_{cr} – жарықтың пайда болуына тиісті момент;

M_{Rd} – иілудегі қиманың беріктігі;

M_{Ed} – сыртқы жүктеменің әсерінен болған есептік июші момент;

$M_{Ed,x}$ – x осіне қатысты анықталған, сыртқы жүктемеден болған есептік июші момент;

$M_{Ed,y}$ – сондай, тек y осіне қатысты;

N – бойлық күш;

N_{cr} – жарықтың пайда болуына әкелетін осьтік күш;

N_{crit} – шартты қатерлі бойлық күш;

N_p – алдын ала күйдірудің бойлық күштері;

N_{Rd} – бойлық күштер әсеріндегі қиманың беріктігі;

N_{Ed} – сыртқы әсер етуден болған есептік бойлық күш;

$N_{Ed,z}$ – *z* осі бағыты бойынша сыртқы жүктемеден болған бойлық күш;

$N_{Ed,lt}$ – жүктемелердің тұрақты үйлестіруіндегі есептік бойлық күш;

Q – ауыспалы әсер етулер;

S – статикалық момент;

S_1 – бойлық арматураның белгілеулері:

а) созылу және сығылуы бар қима аймағындағы сыртқы жүктемелердің әсер етуінен – созылған аймақта орналасқан;

б)толық сығылатын қиманың сыртқы жүктемесінің әсер етуінен – қиманың аз сығылатын қырында орналасқан;

в) толық созылатын қиманың сыртқы жүктемесінің әсер етуінен

– ортадан тыс созылатын элементтер үшін– қиманың көп созылатын қырында орналасқан;

– ортада– созылатын элементтер үшін–барлық элементтердің көлденең қимасы;

S_2 – бойлық арматураның белгілеулері:

а) созылу және сығылуы бар қима аймағының сыртқы жүктемелерінің әсер етуінен – созылған аймақта орналасқан;

б)толық сығылатын қиманың сыртқы жүктемесінің әсер – қиманың аз сығылатын қырында орналасқан;

в) толық созылатын қиманың сыртқы жүктемесінің әсер етуінен – ортадан тыс созылатын элементтер үшін– қиманың аз созылатын қырында орналасқан;

S_c – созылатын арматураның ауырлық салмағына қатысты есептелген бетонның

сығылған қима аймағының статикалық моменті;

S_{cN} – e_{od} эксцентриситетімен салынған N_{Ed} күші әсер ететін осіне қатысты есептелген бетонның сығылған қима аймағының статикалық моменті;

T_d – көлбеулік қиманың беріктігін тексеруде бойлық арматурадағы есептік созылатын күштер;

T_{Rd1} – сығылатын бетон тіреулерімен қабылданатын шектелген айналдырушы момент (бетон бойынша айналдырудағы элемент беріктігі) ;

T_{Rd2} – арматурамен қабылданатын шектелген айналдырушы момент (арматура бойынша айналдырудағы элемент беріктігі);

T_{Ed} – жүктememен шақырылатын есептік айналдырушы момент;

V_{cd} – бетонмен қабылданатын есептік көлденең күш;

$V_{Rd,c}$ – элементте көлденең арматуралау бар бетонмен қабылданатын құрама көлденең күштер;

$V_{Rd,ct}$ – көлденең арматуралауы жоқ, элементпен қабылданатын есептік көлденең күш;

$V_{Rd,max}$ – көлбеулік қиманы есептеуде сығылатын тіреулерімен қабылданатын есептік көлденең күш;

$V_{Rd,sy}$ – элементте көлденең арматуралауы бар арматурамен қабылданатын құрама көлденең күштер;

V_{Ed} – жүктememен шақырылатын есептік көлденең күш;

W_c – сызықты серпімді материалға арналған бетон қимасыныңкедергі моменті.

Латын алфавитінің кіші әріптері

a_{lim} – (рұқсат етілген) майысу шегі;

b'_{eff} – таврнысанды қималарының сөресінің тиімді ені;

b_j – құрама–тұтасқұйма конструкциялардағы тұтасқұйма бөлігі мен құрама элементін біріктіру бетінің ені;

b_w – таврнысанды қималары қабырғасының ені; кесіп тастаған күштер әрекетін есептеуде арқалықтың есептік ені;

d – диаметр, қиманың пайдалы биіктігі;

e_a – кездейсоқ эксцентриситет;

e_e – есептік эксцентриситет;

e_o – келтірілген қиманың орталық салмағына қатысты көлденең күштің бастапқы эксцентриситеті;

e_{s1} – созылатын арматураның орталық салмағына қатысты көлденең күштің эксцентриситеті;

e_{s2} – сығылатын арматураның орталық салмағына қатысты көлденең күштің эксцентриситеті;

f_c – бір осьті кернеуленген күйдегі сығылудағы бетонның беріктігі;

$f_{c,cube}^{G}$ – бетонның кепілді беріктігі;

f_{cd} – темірбетон конструкцияларына арналған сығылатын бетонның есептік кедергісі;

f_{ck} – осьтік сығылудағы бетонның сипаттамалы кедергісі;

f_{cm} – конструкцияларды жобалауда орнатылған осьтік сығылудағы бетонның беріктігі;

f_{ctd} – темірбетон конструкцияларына арналған созылатын бетонның есептік кедергісі;

f_{ctk} – $f_{ctk,0,05}$ беріктігі 5 % квантильді статикалық үлестіруіне сай осьтік созылудағы бетонның сипаттамалы кедергісі;

$f_{ctk,0,95}$ – осьтік созыдудағы бетон беріктігінің 95 % квантильді статикалық үлестіруі;

f_{ctm} – конструкцияларды жобалауда орнатылған осьтік созыдудағы бетон беріктігі;

f_{yd} – кернеуленбеген арматураның есептік кедергісі;

$f_{yk}(f_{0,2k})$ – кернеуленбеген арматураның сипаттамалы кедергісі;

f_{ywd} – көлденең арматураның есептік кедергісі;

h'_f – тавр қимасының сөре биіктігі;

l_{eff} – есептік аралық;

l_n – тіреу арасындағы жарықтағы аралық;

n_w – қимадағы көлденең өзектердің саны;

s – көлденең арматураның қадамы;

s_e – жарықтағы арматура өзектерінің арасындағы арақашықтық;

s_f – таврнысанды қима сөресінің көлденең арматураның өзектерінің арасындағы арақашықтық;

s_n – спираль қадамы немесе сығылу аймағындағы жанама арматуралаудың қаңқа арасындағы арақашықтық;

s_{rm} – жарық арасындағы орташа арақашықтық;

t – тіректің ені; жүктеменің әсер ету ұзақтығы; қорап қиманың қабырғасының тиімді қалыңдығы;

u –периметр;

v – бірлік көлденең күш;

v_{Ed} – бірлік ұзындығының есептік көлденең күші;

w_k – жарық ашылуының есептік ені;

w_{lim} – жарық ашылуының рұқсат етілетін шектік ені;

x – қима аймағының сығылу биіктігі; қарастырылатын қимадан күштер салынатын нүктеге дейінгі арақашықтық;

x_{eff} – сығылған аймақтың кернеуін үлестіруде тік бұрышты эпюраның жорамалын есептеуде қима аймағының шартты сығылуының тиімді биіктігі;

$x_{eff,lim}$ – аймағының шартты сығылу биіктігінің шектік мәні;

z – ішкі жұп күштер иіні;

Грек алфавитінің әріптері

α – бұрыш, коэффициент, содай–ақ бетонның серпімділік модуліне E_s болаттың серпімділік модулі E_{cm} қатынасы;

α_e – бетонның тиімді серпімділік модуліне E_s болаттың серпімділік модулі $E_{c,eff}$;

қатынасы;

α_t – сызықты температураны кеңейту коэффициенті;

γ – жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_c – бетонға арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_s – арматураға арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_F – әсер етуге арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті;

δ – қайта бөлуге дейін және кейінгі моменттер қатынасы; сондай–ақ коэффициент;

ε_c – бетонның салыстырмалы деформациясы;

ε_{c1} – f_c сығылудағы беріктікке сай бетонның салыстырмалы деформациясы;

ε_{c2}, ε_{c3} –$\alpha \cdot f_{cd}$ бетонның есептік кедергісіне сай бетонның салыстырмалы деформациясы;

$\varepsilon_{cs,\infty}$ – бетонның шөгу шегінің мәні;

ε_{cu}, ε_{cu2}, ε_{cu3} – бетонның сығылатын шегіне сай салыстырмалы деформациясы;

ε_s – арматураның салыстырмалы деформациясы;

ε_{sm} – жарықтары бар элементтеріне арналған арматураның орташа салыстырмалы деформациясы;

ε_{su} – созылудағы арматураның салыстырмалы деформация шегінің мәні;

ε_{yd} – аққыштық шегіне сай арматураның салыстырмалы деформациясы;

ζ – x/d қатынасы; сондай–ақ коэффициент;

η – коэффициент;

θ –бұрыш;

ν_c – бетонның көлденең деформациясының коэффициенті (Пуассон коэффициенті);

ρ_l – бойлық арматуралау коэффициенті;

ρ_r – бетонның созылған тиімді ауданына жататын арматуралау коэффициенті;

ρ_w – көлденең арматуралау коэффициенті;

σ – қалыпты кернеулер;

σ_c – бетондағы қалыпты сығылатын кернеулер;

σ_{cg} – конструкцияның өзіндік салмағынан кернеуленген арматураның орталық салмақ деңгейдегі бетондағы кернеу;

σ_{cN} – сыртқы бойлық күштен болған бетондағы кернеулер;

σ_{cR} – жүктемелердің бірнеше рет қайталанып әсер етуіндегі бетонда рұқсат етілетін кернеулер;

σ_{ctm} – бетондағы созылатын орташа кернеулер;

σ_N – құрама – тұтасқұйма конструкциялардың қалыпты жігінің жазықтығында ішкі күштерден болған кернеулер;

σ_s – арматурадағы кернеу;

$\Delta\sigma_{sR}$ – жүктемелердің бірнеше рет қайталанатын арматурадағы кернеулердің рұқсат етілетін өзгерісі;

$\varnothing$ – арматура өзегінің диаметрі.

4.2 Өлшем бірліктері

Осы нормативті–техникалық Құралдың талаптарына сай орындалатын есептеулерде, келесі өлшем бірліктерін қолдану керек:

– күштер мен жүктемелер – кН, кН/м, кН/м^2;
– тығыздық – кг/м^3;
– кернеу мен беріктік – Н/мм^2 (МПа);
– момент (июші, айналмалы) – кН·м.

5 БЕТОН ЖӘНЕ ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЖОБАЛАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

5.1 Бетон және темірбетон конструкцияларына қойылатын жалпы талаптар

5.1.1 Бетон және темірбетон конструкцияларын жобалауда ҚР ҚН EN 1990*2002+A1*2005/2011 келтірілген жалпы ережелеріне сай, осы құралда көрсетілгендей темірбетон конструкцияларына қосымша талаптарды есепке ала орындау керек.

5.1.2 Барлық типті бетон және темірбетон конструкциялары қауіпсіздік бойынша талаптарды, жарамды пайдалану және ұзақ уақытқа жарамдылық, сондай–ақ жобалау тапсырмасында көрсетелген қосымша талаптарды қанағаттандыру тиіс.

5.1.3 Конструкциялар қауіпсіздігі бойынша талаптарды қанағаттандыру үшін қоршаған орта, мүлік, азаматтардың денсаулығы немесе өміріне зиян келтіру тәуекелімен байланысты құрылыспен ғимараттарды пайдалануда және құрылыс үдерісінде әр түрлі есептеудің әсер етуінен кез келген түрлі қирауды болғызбайтын бастапқы сипаттамалары болуы керек.

5.1.4 Конструкцияларды жарамды пайдалану бойынша талаптарды қанағаттандыру үшін, бастапқы сипаттамаларында әр түрлі есептеудің әсер етуінен тиісті жарықтың пайда болуы немесе шамадан тыс ашылып кетуі болмауы, сондай – ақ қалыпты пайдалануды қиындататын шамадан тыс жылжулар, тербелістер және басқа бұзылулар пайда болмайтындай сенімділік дәрежесі болуы керек (бұзылуы: конструкциялардың сыртқы түріне қойылатын талаптар; механизмдер мен жабдықтардың қалыпты жұмыстары бойыншы техникалық талаптар; жобалауда тағайындалған басқа талаптар мен элементтердің қалыпты жұмыстары бойынша конструктивті талаптар).

Жарықтың жоқ болуы бойынша талаптар темірбетон конструкцияларына ұсынылады, олардың қимасының толық созылуы ұзақ уақытқа жарамдылық бойынша көтеріңкі талаптар ұсынылатын өте сирек конструкцияларға, сондай–ақ қатты агрессиялық орта әсерінен пайдаланатын конструкцияларға өткізбеушілікті қамтамасыз етеді.

Қалған темірбетон конструкцияларында жарықтың пайда болуы рұқсат етіледі, және оларға жарықтың ашылып кету енін шектеу бойынша талаптар ұсынылады.

5.1.5 Ұзақ уақытқа жарамдылық бойынша талаптарына сай болуы үшін темірбетон

конструкциялары сапасының бастапқы көрсеткіштерін сондай тағайындау керек тағайындалған мерзімінің пайдалану кезеңінде (жауапкерлік класы) ол қауіпсіздік бойынша талаптарға және мүмкіндік әсер етудің ең қолайсыз комбинацияларында (жүктеменің ұзақ әсер етуі, жағымсыз климаттық және техникалық әсер етулері, ауыспалы қатайту және ерітуі, агрессиялы әсер етулер және т.б.) жарамды пайдалануға берілген сенімділік дәрежесімен сай болуы керек.

5.1.6 Темірбетон конструкцияларын күші бар нормативті құжаттарға сай монтажда, тасымалдауда және дайындауда ұсынылатын технологиялық ерекшеліктер мен талаптарды есепке ала жобалау керек.

5.1.7 Бетон және темірбетон конструкциялар элементтерінің қауіпсіздік, жарамды пайдалану және ұзақ уақытқа жарамдылықты келесі орындаулармен қамтамасыз ету керек:

1) арматура мен бетонға талаптар;
2) конструкция есептеулеріне талаптар;
3) конструктивтік талаптар;
4) технологиялықталаптар;
5) пайдалану бойынша талаптар.

5.2 Бетон және темірбетон конструкцияларын жобалауда қойылатын жалпы талаптар

5.2.1 Конструкцияларды есептеу мен құрылымдауды жүргізу керек, олар:

1) қажетті ұзақ уақыт жарамдылығына ие бол отырып, пайдалану, салу және қайта жаңарту үдерісінде барлық болатын әсер етулерді берілген қауіпсіздік деңгейімен қабылдау;
2) қалыпты пайдалану бойынша оларға тағайындалған талаптарына кепілді сенімділікпен сай келуі.

5.2.2 Конструкцияларда потенциалды зақымданудың мүлде болмауы шартын қанағаттандыруы тиіс немесе пайдалануда конструкция шалдығу тәуекелін болғызбау жолымен шақтамалы деңгейге дейін шартта осы зақымданудың шектелуі.

5.2.3 Конструкцияларды сенімдікпен қамтамасыз ету ұтымды конструктивті жүйелер мен материлдарды сәйкес таңдау қажет; жобалауға сәйкес конструкцияларды салудаорындалатын қосымша конструктивті талаптар мен бақылау; шек күйі әдісінің есептік шарты аспайтынын көрсететін есеп шартының тексерісін.

5.2.4 Конструкцияларда жобалауды өткізу, пайдалану кезеңінде тағайындалған аралықта, пайдалану және жөндеуге жарамды шарттарды есепке алып, тағайындау бойынша талаптарға ол қанағаттануы керек.

5.2.5 Жобалауда бетон және темірбетон конструкцияларына сенімдікті бетон мен арматураның есептік сипатамасын қолдану жолымен, осы сипаттаманың сипатталатын мәні бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенттеріне сәйкес көмегімен тағайындалған әсер етудің есептік мәнін, құрылыс және ғимараттың жауапкершілік дәрежесі бойынша класты есепке ала есептік жартылай ықтималдық әдісімен анықтауға болады.

5.2.6 Әсер етудің сипаттық мәнін олардың статикалық құбылмалығын есепке ала

қабылдау керек. Есептік ситуация және шектелу күйінің түріне байланысты әсер етудің есептік мәнін және олардың үйлестірілуі А қосымшасы бойынша анықталады.

5.2.7 Материалдар сипаттамасының сипаттық мәнін анықтауда конструкциялардың көлемділігін және материалдың қасиеттерінің статикалық құбылмалығын ескеру қажет.

5.2.8 Есептік ситуацияға және бетон мен арматура бойынша қауіпсіздік коэффициенттерін тапсырыс жолымен тағайындалған шектік күйіне жетуге қауіптілікке байланысты материалдар сипаттамасының есептік мәнінің сенімдік деңгейін тағайындау қажет.

5.2.9 Бетон және темірбетон конструкцияларына есептеу жүргізуде есептік байланысқа кіретін базалы фактордың құбылмалығы туралы қажетті және жеткілікті деректер болуы толық ықтимал есептеу негізіне тағайындалған сенімдік деңгейіне рұқсат етіледі.

5.3 Есептік ситуациялар

5.3.1 Негізгі есептік ситуацияларда бетон және темірбетон конструкциялары өздерінің фунцияларын орындау шартын есепке ала анықтау керек.

Конструкцияларды есептеуде келесі есептік ситуацияларды қарастыру керек:

1) ғимараттарды қолдануда қалыпты шарттарға сәйкес тұрақты есептік ситуацияларды;
2) уақытпен шектелген, мысалы, құрылыс немесе жөндеу үдерісінде, шарттарға сәйкес өтпелі есептік ситуацияларды;
3) ерекше шарттарға немесе жағдайға қатысты үдерісте ғимараттар, мысалы, өртке, жарылысқа, соққыға шалдығады немесе жергілікті қираудың зардабына қатысты авариялық есептік ситуацияларды;
4) сейсмикалық есептеу ситуациялары ғимаратқа сейсмикалық әсер етуіне сәйкес.

5.3.2 Өтпелі ситуациялар үшін пайда болған конструкцияларға есептеу жүргізуде рұқсат етіледі, мысалы:

1) құрама конструкцияларды монтаждау, тасымалдау және қалыпты шешу уақытында;
2) тұтасқұйма конструкцияда тұрғызудағы кезекті кезеңдегі уақытында;
3) құрама тұтасқұйма конструкцияда тұтасқұйма бетонның жобалы біріктігін терімге дейінгі монтаждау;
4) күрделі жөндеу және жаңартуды орындау кезінде.

5.3.3 Таңдалған есептік ситуациялар жеткілікті көлемде ғимаратты пайдалануда және өндіріс жұмыс үдерісінде болған барлық шарттарды ескеруі тиіс.

5.4 Жүктемелер мен әсер етулер

5.4.1 Әсер етулерді олардың өзгерілу уақытына байланысты бөледі:

- тұрақты әсер етулер (G), мысалы, көтеруші конструкциялардың өзіндік салмағы, құрастырылған жабдық, жолдардың жабыны, отыру және шөгудің біркелкі еместігімен болған жанама әсер етулер;
- құбылмалы әсер етулер (Q), мысалы, қабат аралығындағы аражабындарға, арқалықтарға және шатырларға салынатын жүктемелер, жел әсер етулер немесе қар жүктемелері;
- авариялы әсер етулер (А), мысалы, көлік құралдарынан болатын соққы немесе жарылыс.

5.4.2 Кейбір әсер етулер телімнің орнына байланысты, мысалы, сейсмикалық немесе қар, оларды авариялы немесе құбылмалы әсер етулер сияқты қарастыруға болады.

5.4.3 Гидростатикалық әсер етуден пайда болған жүктемелер олардың шамасының өзгеру уақытына байланысты құбылмалы немесе тұрақты сияқты қарастыруға болады.

5.4.4 Әсер етулер тағы да бөлінеді:

олардың болуы бойынша – тура және жанама;

олардың кеңістікте үлестірілуінің өзгеруі бойынша – бос немесе тіркелген;

олардың табиғи немесе ғимарат реакциясы бойынша – статикалық және динамикалық.

5.4.5 Әсер етулер модель ретінде суреттеліп жазылуы керек, бірнеше репрезентавтивті мәні болуы мүмкін, көп жағдайда оның шамасы бір склярмен көрсетіледі.

5.4.6 Әсер етулердің сипаттамалы мәні ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 сай қабылдау керек, ал жүктемелер бойынша жеке қауіпсіздік коэффициенттерінің сай мәнін осы Құралдың А қосымшасынан ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 алу керек. Әсер етулердің сипаттамалы мәнін тапсырыс берушімен келісу бойынша қабылдауға рұқсат етіледі, тек ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 тағайындаған мәнінен төмен болмау керек. Әсер етулердің есептік мәні және олрдың комбинациясы шектік күйдің түріне және есептік ситуацияға байланысты А қосымшасы бойынша қабылдау керек.

5.5 Бетон және темірбетон конструкцияларының шектік күйлері

5.5.1 Бетон және темірбетон конструкцияларын есептеу шектік күйлерінің әдістері бойынша талаптарына сәйкес жүргізу керек.

5.5.2 Шектік күй бойынша есептеу шектік күйдің қарастырылуына сай әсер етулер мен ғимарат есептеу модельдерінің көмегімен орындау керек.

5.5.3 Есептеуді жүктеу жағдайларының есебі және барлық есептеу ситуацияға сәйкес орындау керек.

5.5.4 5.5.1 баптарының талаптарына сай болу үшін жеке коэффициенттерімен

есептеу әдісін қолдану керек.

5.5.5 Есептеулер ғимараттың немесе құрылыстың барлық қызмет мерзімін сенімділікпен қамтамасыз ету керек, сондай–ақ оларға ұсынылатын талаптарына сай өндірістік жұмыс кезеңінде.

5.5.6 Есептеулер көтергіш қабілеттілігінің шектік күйлері бойынша:

есептеу беріктік бойынша;

есептеу нысандардың орнықтылығы бойынша (жұқа қабырғалы конструкциялар үшін);

есептеу жағдайлардың орнықтылығы бойынша (төңкеру, сырғанау бетіне шығу).

5.5.7 Беріктік бойынша есептеулер, сондай–ақ бетон және темірбетон конструкцияларының шыдамдылықтары бойынша есептеулеркүші бар нормативті құжаттармен тағайындалуына сай тиісті шектік мәнінен аспайтын есептеу әсерінен болатын конструкциялардан конструкциялардағы деформациялар, кернеулер мен күштер шартымен жүргізіледі.

5.5.8 Конструкциялар нысандарының орнықтылығы бойынша (табан мен конструкциялардың бірігіп жұмыс істеуін есепке алу, олардың деформациялық қасиеттері, табанымен байланысы бойынша жылжуына кедергі және т.б.) есептеу, сондай–ақ жағдайлардың орнықтылығы бойынша конструкциялардың бөлек түрлеріне нормативті құжаттарына сай жүргізілуі тиіс.

5.5.9 Жарамды пайдаланудың шектік күйі бойынша есептеулерге жатады:

– жарықтардың пайда болуы бойынша есептеу;
– жарықтардың ашылуы бойынша есептеу;
– деформация бойынша есептеу.

Конструкцияларды жарамды пайдаланудың шектік күйі бойынша есептеуде материалдарға арналған жеке қауіпсіздік мәнін 1ге тең етіп қабылдау керек, есептеуде серпімділік модулінің орта шамасын және материлдардың беріктік сипаттамалы мәнін қабылдайды.

5.5.10 Жарықтың пайда болуы бойынша бетон және темірбетон конструкцияларын есептеу жарық пайда болғандағы конструкциялармен қабылданатын тиісті шектік мәнінен аспайтын есептеу әсерінен болатын комбинацияларынан конструкциядағы деформациялар, кернеулер мен күштер шартымен жүргізіледі.

5.5.11 Жарықтың ашылуы бойынша бетон және темірбетон конструкцияларын есептеу конструкцияға қойылатын талаптарға, оның пайдалану шартына байланысты (қоршаған ортаның әсер етуі және арматура коррозиясының ерекшелігі есебімен материалдардың сипаттамасы) 5.1 кестеде келтірілген тиісті шектік мәнінен аспайтын есептеу әсерінен болатын комбинацияларынан конструкцияда жарықтың ашылуы екі шарттан жүргізілуі тиіс.

Күші бар нормативті құжаттарға сай агрессивті шарттарында пайдаланатын конструкциялар үшін коррозиядан қорғау бойынша қосымша шаралар қарастыру керек.

5.5.12 Деформация бойынша бетон және темірбетон конструкцияларын есептеутиісті шектік мәніне сай аспайтын есептеу әсерінен болатын

комбинацияларынан конструкцияларда тербеліс амплитудасы мен жылжуы, бұрылыс бұрыштары, майысымдар шарттарымен жүргізу керек.

5.1 кестесі –Жарықтың ашылу енінің шақтамалы шектік мәні

ҚР ҚН EN 1992–1–1:2004/2011 4.1 кестесі бойынша пайдалану шарты бойынша кластары	Темірбетон элементтері
	А қосымшасы бойынша жүктемелердің квазитұрақты комбинациясы
X0, XC1	0,4
XC2, XC3, XC4, XF1, XF3	0,3
XA1, XA2, XD1, XD2, XF2	әсер ететін нормалар бойынша

СТАТИКАЛЫ ТҰРҒЫДА АНЫҚТАЛМАЙТЫН ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНДАҒЫ КҮШТЕРДІ ҚАЙТА БӨЛУДІ ЕСЕПКЕ АЛА ЕСЕПТЕУДЕГІ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

5.1 [5.1.1(1)Р ҚР ҚН EN 1992–1–1] Конструкцияларды есептеу мақсаты барлық конструкция бойында немесе оның бөліктерінде салыстырмалы деформациялар мен жылжуларда кернеулер немесе моменттер мен ішкі күштердің бөлуін анықтайды

5.2 Нақты Құралда көрсетілген талаптар мен есептеулер қарапайым және алдын ала кернеуленген құрама, тұтасқұйма және құрама–тұтасқұйма статикалы тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкцияларына тарайды.

5.3 [5.1.1(4)Р ҚР ҚН EN 1992–1–1] Есептеуде мінсіздікті қолдану керек: конструкцияның геометриясы сияқты, оның қасиетіне де. Мінсіздікті оның шешуіне байланысты таңдау қажет.

5.4 [5.1.1(5)Р ҚР ҚН EN 1992–1–1]Есептеуде геометрия және конструкциялардың қасиеттерінің әсері барлық құрылыс кезеңде ескерілуі керек.

5.5 Нақты Құралда қарастырылған статикалы тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкцияларын күшті қайта бөлуді (үлестіруді) есепке алуда 1.3 ҚР ҚН EN 1992−1−1:2004/2011 б.көрсетілген алғышарт әсер етеді

5.6 Күшті қайта бөлуді есепке алу күшті қайта бөлумен құрылымдалған статикалы тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкциялары үшін қажетті. Күшті қайта бөлуді есепке алу материал шығынын төмендетуге, темірбетон элементтерін дайындауда технологияларын жақсартуға және олрды дайындау мерзімін қысқартуға мүмкіндік жасайды.

5.7 [5.5(2) ҚР ҚН EN 1992–1–1]Қайта бөлуді шектеуге байланысты сызықты–серпімді есептеуін көтергіш қабілеттілігі бойынша шектік күйін тексеруде конструктивті элементтерді есептеу үшін қолданылуы мүмкін. Осы жағдайда пайда болған июші моменттер жүктелген жүктемемен тепе–теңдікті сақтау шартына байланысты қайта бөлінуі мүмкін. Егер пластикалық топса айналасында бұрылу бұрышы анықталмайтын болса, онда моменттерді қайта бөлуден аулақ болу керек.

5.8 [5.5.1(7) ҚР ҚН EN 1992–1–1] Ғимараттарда көлденең және бойлық күштерден пайда болатын сызықтық элементтер мен тақталарда деформациялардың болуы

ескерілмеуі мүмкін, егер олар иілудегі деформация 10 % аз болса.

5.9 Жалпы орнына түспейтін деформациялар шапшаң өсуімен сипатталатын серпімділік есебіне сай сымдалған темірбетон конструкцияларының көтергіш қабілеттілігі бойынша шектік күйі келесі алғышарт қабылданған шектік тепе–теңдік әдісімен есептелуі мүмкін:

1. тепе–теңдік теңдеуіне кіретін геометриялық шамалардың өзгеруін есепке алмай оның көтеру қабілеттілігінің таусылуына дейін конструкция деформациялары кіші болып қабылданады;
2. конструкция элементтеріндегі күштер оның көтергіш қабілеттілігін анықтайтын шектік шарттармен шектелуі болу керек, осы элементтердің деформациялары шапшаң өсуі мүмкін.

Бірінші алғышарт орындалуы үшін конструкциялар жеткілікті қатаң болуы керек, алайда жеткіліктіліктің белгісі – пайда болған деформациялардың тепе–теңдік шарттарының сезгіштігі болып табылады.

Екінші алғышарт орындалуы үшін келесі ережені сақтау керек:

1) конструкцияларда бетонның сығылатын аумағының қиығын немесе оның бас сығылатын кернеуден жаншып тастауын болдырмау;
2) конструкцияларды арматуралау үшін пластикалы топсаларда рұқсат етілген үлкен деформациялы болатты қолдану керек;
3) жарық пайда болғанда жүйе жұмысының алдыңғы күйі және шектік тепе–теңдік күйі арасындағы өзекті жүйелерде күштерді қайта бөлудегі кенет өзгешеліктен қашқақтау керек;
4) өзекті жүйелер үшін есептік қималарды таңдау жүргізетін күштер шамасын серпімді жүйелер есебімен алынатын күштерден кенет айырмашылығы болмайтындай етіп қабылдау керек;
5) есептеу қималарында шектік күштер жарықтары бар конструкция жұмысында 20% астам төмен жағына ауытқуына болмайды, бірақ пластикалы топсаларысыз;

5.10 Шектік тепе–теңдік әдісінде екі алғышарт орындалғанда конструкциялардың көтергіш қабілеттілігінің шектелуіне жауап беретін жүктеме үлкен болады, жүйенің барлық элементтері үшін шектелген шарттар сияқты тепе–теңдік шарттарын сақтаған жағдайда;

Мүмкін болатын жылжуларда шектік ішкі күштер мен сыртқы күштер жұмыс теңдіктерімен анықталатын жүктеме шамасы олардың кіші мәндеріне тең. Мүмкін болатын жылжулар осы шартты қанағаттандыратын көтергіш қабілеті таусылуында конструкциялардың сыну сұлбасын анықтайды

5.11 Статикалы тұрғыда анықталмайтын жүйелерде қабілеті таусылуына дейін жалпы деформациялар аз болғанда пластикалық топсалар деп аталатын үлкен жергілікті деформациялар пайда болуы мүмкін, ал тақталарда – сыну сызығы. Статикалы тұрғыда анықталмайтын жүйелерде сыну сызығы немесе пластикалық топсалардың пайда болуы оларды статикалы анықталмайтын жүйелерге айналдырады.

5.12 Сыну сызығы немесе пластикалық топсаларда олардың конструкция бөліктерімен біріктіретін бұру бұрыштары пайда болады, бұрылу тек бір бағытта ғана

болады. Пластикалық топсаларда немесе сыну сызығында конструкцияның есептік сұлбасын конструкцияның сыну сұлбасы деп атайды. Пластикалық топсаларда немесе сыну сызығындағы деформациялар жүйедегі күштерді елеулі қайта бөледі.

5.13 [5.2(2)Р ҚР ҚН EN 1992–1–1] Көтергіш қабілеті бойынша шектік күйді тексеруде жетілмеген тұрақты және ерекше есептеу жағдайларды қарастыру керек.

5.14 [5.2(5) ҚР ҚН EN 1992–1–1] Жетілмеушілік θ_i көлбеу бұрышымен көрсетілуі мүмкін, ол келесімен анықталыды:

$$\theta_i = \theta_0 \cdot \alpha_h \cdot \alpha_m, \tag{6.1}$$

ондағы θ_0 – негізгі базалы мән;

α_h –биіктікке немесе ұзындыққа арналған төмендеуші коэффициент:

$$\alpha_h = \frac{2}{\sqrt{l}}; \qquad \frac{2}{3} \le \alpha_h \le 1; \tag{6.2}$$

α_m – m элементтер санына арналған төмендеуші коэффициент:

$$\alpha_m = \sqrt{0,5 \cdot \left(1 + \frac{1}{m}\right)}, \tag{6.3}$$

мұндағы l – биіктік немесе ұзындық, м;

m – жалпы тиімділікке үлес қосатын вертикаль конструктивті элементтер саны.

5.15 [5.2(6) ҚР ҚН EN 1992–1–1] l және m ((6.1) формуласына қара) анықталатын ережелері үш негізгі жағдайларды (6.1 сурет) ажырату қажет етуі үшін қарастырылатын әсер етуге байланысты:

- жеке бөлшекке әсер етуі: l = элементтің шын мәніндегі ұзындығы, $m = 1$;
- бекітелген жүйеге әсер ету: l =ғимарат биіктігі, m = байланыс жүеде горизонталь күштерге үлес қосатын вертикаль конструктивті элементтер саны;
- горизонталь жүктемелерді бөлетін жабын және аражабын диафрагмаларына әсер етуі: l = қабат биіктігі, m = аражабынға жалпы горизонталь күшке үлес қосатын қабаттағы вертикаль бөлшектер саны.

5.16 [5.2(7) ҚР ҚН EN 1992–1–1] Жеке бөлшектер үшін a) және b) екі түрлі әдістер әсері ескерілуі мүмкін:

a) e_i эксцентриситет ретінде – формула бойынша

$$e_i = \frac{\theta_l l_0}{2}, \tag{6.4}$$

ондағы l_0 – есептік ұзындық.

Қабырғалар және жеке ұстындарға арналған бекітілген жүйелерде жеңілдік үшін әрқашан $e_i = l_0/400$ қабылданады, ал мәні $\alpha_h = 1$;

b) H_i көлденең бүйір күші ретінде, бұл жағдайда, максимал моменттерді тудырады: бекітілмеген элементтер үшін (6.1 а1 суретке қара):

$$H_i = \theta_i N; \tag{6.5}$$

бекітілген элементтер үшін (6.1 а2 суретке қара):

$$H_i = 2\theta_i N, \tag{6.6}$$

ондағы N – бойлық күштер.

ЕСКЕРТУ Эксцентриситет статикалы тұрғыда анықталатын элементтер үшін қолданылады, тек көлденең жүктемелер статикалы тұрғыда анықталатын және статикалы тұрғыда анықталмайтын элементтер үшін қолданылады. H_i күші көлденең әсер тею эквивалентімен ауыстырылуы мүмкін



а1) күшейтілмеген элементтер а2) күшейтілген элементтер

а) Горизонталь күштер немесе эксцентриситетпен түсетін көлденең күштері бар жеке элементтер



b) күшейтілген жүйе c1) аражабын диафрагмасы c2) жабын диафрагмасы

Сурет 6.1 – Геометриялы жетілмеген әсер ету мысалдары

5.17 [5.2(8) ҚР ҚН EN 1992–1–1] Конструкциялар үшін θ_i көлбеу бұрыш әсері басқы әсер етулермен бірге есептеуде ескерілетін көлденең күштер ретінде көрсетілуі мүмкін.

Бекітілмеген жүйелерге әсер ету (Сурет 6.1 b):

$$H_i = \theta_i \cdot \left(N_b - N_a \right). \tag{6.7}$$

Аражабын диафрагмасына әсер етулер (Сурет 6.1 c1):

$$H_i = \theta_i \cdot \frac{\left(N_b + N_a \right)}{2}. \tag{6.8}$$

Жабын диафрагмасына әсер етулер (Сурет 6.2 c2):

$$H_i = \theta_i \cdot N_a. \tag{6.9}$$

Бұл жағдайда N_a и N_b бойлық күштер болып табылады, H_i мүмкіндік туғызады.

5.18 [5.2(9) ҚР ҚН EN 1992–1–1] Жұмыс өндірісінде күнделікті ауытқулардан пайда болатын жетілмеушілікті ескеру үшін бекітілген жеке ұстындар мен қабырғалар үшін қысқартылған альтернативті ретінде $e_i = l_0/400$ эксцентриситетті қолдануы мүмкін.

5.19 [5.1.3(1)Р ҚР ҚН EN 1992–1–1] Әсер етудің жиынтығын (ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 6 бөлім қара) анықтауда конструкциялардың немесе конструкция бөліктерде барлық көлденең қималар үшін қатерлі есептік шарттар анықтауда жеткілікті:

1) әрбір екінші аралық тұрақты немесе ауыспалы есептік жүктememен

($\gamma_Q Q_k + \gamma_G G_k + P_m$) жүктелген, ал қалған аралықтар тұрақты жүктememен $\gamma_G G_k + P_m$ жүктелген;

2) екі түрлі жанама аралықтар ауыспалы және тұрақты жүктememен *($\gamma_Q Q_k + \gamma_G G_k + P_m$)* жүктелген, қалған басқа аралықтар тұрақты жүктememен *($\gamma_Q Q_k + \gamma_G G_k + P_m$)* жүктелген, Қалған басқа аралықта тек тұрақты жүктememен $\gamma_G G_k + P_m$ жүктелген.

5.20 [5.1.3(1)Р ҚР ҚН EN 1992–1–1] Көтергіш қабілеттелегі бойынша шектік үйді тексеруде температура деформациясымен, шөгу және отыру пайда болған эффектер үшін жылжу әсерін ескеретін созылудағы бетон жұмысын ескермейтін жарықтары бар кішігірім қатаңдық қима қабылдануы мүмкін. Пайдалану жарамдығы бойынша шектік үкйді тексеруде, ереже бойынша, жарықтың дамуын есептеу керек.

5.21 [5.3.2.1(2) ҚР ҚН EN 1992–1–1] Тақтаның тиімді ені, ереже бойынша, 6.2 суретте көрсетілгендей нөлдік моменттерді нүктелер арасындағы l_0 арақашықтыққа негізделе анықтау керек.

ЕСКЕРТУ Консольдің ұзындығы көршілес жатқан аралықтың жартысынан аз шаманы құрау керек, ал көршілес жатқан аралықтың қатынастары 2/3 – 1,5 болу керек.



Сурет 6.2 – Сөренің тиімді енін есептеу үшін l_0 анықтау

5.22 [5.3.2.1(3) ҚР ҚН EN 1992–1–1] Тавр нысанды және *L*–тәріздес арқалықтар үшін b_{eff} сөресінің тиімді ені тепе–теңдіктен шығады:

$$b_{\text{eff}} = \sum b_{\text{eff},i} + b_w \le b \tag{6.10}$$

Бұл жағдайда

$$b_{\text{eff},i} = 0,2 b_i + 0,1 l_0 \le 0,2 l_0 \tag{6.11}$$

$$b_{\text{eff},i} \le b_i \tag{6.12}$$

Белгілерін 6.2 және 6.3 суреттерде қара.



Сурет 6.3 – Сөре енінің тиімді параметрлері

5.23 [5.3.2.2(1) ҚР ҚН EN 1992–1–1] l_{eff} тиімді аралығы формула бойынша анықталады:

$$l_{\text{eff}} = l_{\text{n}} + a_1 + a_2, \tag{6.13}$$

ондағы l_n – тірек шеттерінің арасындағы жарықтағы арақашықтық.

a_1 и a_2 мәндері аралықтың екі шеттері үшін сүйенетін түрлі жағдайында 6.4 суреті бойынша анықталады , ондағы t – тіректің ені.

5.24 [5.3.2.2(2) ҚР ҚН EN 1992–1–1] Тілінбеген тақталар, ереже бойынша, тіректегі бұрылысты шектемейтінін есепке ала есептелуі тиіс.

5.25 [5.3.2.2(3) ҚР ҚН EN 1992–1–1] Егер арқалық пен тақта тірекпен тұтасқұйма біріктірілсе,, ереже бойынша, тіректердің қыры бойынша қатерлі тірек есептік моментін анықтау қажет. Тірекке берілетін есептік момент пен реакциялар, ереже бойынша, күштерді қайта бөлу есебімен және серпімділік есептеуден алған мәндерден жоғары етіп анықтау қажет.

ЕСКЕРТУ Тіректің жақтарындағы момент элементтердің шеттерін толық бітегенде болған моменттерден 0,65–тен кем болмау керек.



a – тілінген элементтер; b – тілінбеген элементтер; c – толық қысып ұсталынған тірек;
d – тіректердің орналасуы; e –консоль

Сурет 6.1 –Түрлі тірелетін шарттар үшін тиімді аралығы l_{eff}

5.26 [5.3.2.2(4) ҚР ҚН EN 1992–1–1] Тілінбеген тақталарда есептік әдісіне байланысты емес бұрылуға кедергі жасамайтын ретінде қарастырылатын тіректер есептеу аралағында анықталатын тірек үстіндегі моменттердің есептік мәні, тірек арасындағы арақашықтық тең болғанда, ΔM_{Ed} мәніне азаюы мүмкін:

$$\Delta M_{Ed} = \frac{F_{Ed,\sup} t}{8}, \qquad (6.14)$$

ондағы $F_{Ed,sup}$ – тірек реакциясының есептік мәні;
t – тірек ені. ширина опоры.

5.27 [5.5(4) ҚР ҚН EN 1992–1–1] Тілінбеген арқалықтар немесе тақталар:

1) көбінесе иілуге шалдығады;

2) 0.5-тен 2.0 аралығында көршілес аралықтар ұзындығының қатынасы, бұрылуға қабілеттігін нақты тексерусіз иіюші моменттерді қайта бөлуін жүргізуге болады, егер шарттарда:

$$\delta \geq 0{,}44 + 1{,}25 \cdot \left(0{,}6 + \frac{0{,}0014}{\varepsilon_{cu2}} \right) \frac{x_u}{d} \quad \text{для } f_{ck} \leq 50 \text{ МПа}, \qquad (6.15)$$

$$\delta \geq 0{,}54 + 1{,}25 \cdot \left(0{,}6 + \frac{0{,}0014}{\varepsilon_{cu2}} \right) \frac{x_u}{d} \quad \text{для } f_{ck} > 50 \text{ МПа}, \qquad (6.16)$$

ондағы δ – қайта бөлу моменттерінің серпімді июші моменттерге қатынасы;
x_u – қайта бөлуден кейінгі көтергіш қабілеттігі бойынша шектік күйді тексеруде қиманың сығылған аймақ биіктігі;
d – көлденең қиманың жұмыстық биіктігі;
ε_{cu2} – бетон деформациясының салыстырмалы шегі.

$\delta \geq 0{,}7$ болғанда B және C арматура кластарын қолданады, $\delta \geq 0{,}8$, болғанда A класты арматуралы болатты қолданады.

7. СТАТИКАЛЫ ТҰРҒЫДА АНЫҚТАЛМАЙТЫН ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖУЫҚ ЕСЕПТІК ӘДІСТЕРІ

7.1 Жалпы ережелер

Статикалы тұрғыда анықталмайтын темірбетон конструкциясының көтергіш қабілеті бойынша есептеуді бетон және арматураның серпімді емес деформациясынан болатын қайта бөлу күштерін есепке ала және конструкция қималарында жарықтың болуын есепке ала жүргізеді ([1]-[4]). Бетон және арматураның серпімді емес деформациясы және жарықтың болуын есепке алу деформация моделіне негізделе жүргізуі ұсынылады. Темірбетон өзекті конструкциялары және екі бағытта иілетін тақталарда күштерді қайта

бөлуді есепке ала есептеуде жуық шама әдістерімен жүргізуге рұқсат етіледі, осы бөлімдегі нұсқауларға сәйкес.

